

Уәлиханов аудандық мәслихатының 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 2-48 с "2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов аудандық мәслихатының 2020 жылғы 16 маусымдағы № 2-55 с шешімі. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 18 маусымда № 6363 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26-бабына сәйкес Уәлиханов аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Уәлиханов аудандық мәслихатының "2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджетін бекіту туралы" 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 2-48 с шешіміне (2020 жылғы 06 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде жарияланған, нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5771 болып тіркелді) келесі өзгерістер енгізілсін:

1-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті осы шешімге тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, соның ішінде 2020 жылға келесі көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 5 637 255,2 мың теңге:

салықтық түсімдер – 369 930 мың теңге;

салықтық емес түсімдер – 8 476 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 3 000 мың теңге;

трансферттер түсімі – 5 255 849,2 мың теңге;

2) шығындар – 5 892 558,4 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 178 605,5 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 201 854,5 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу – 23 249 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу – 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) – - 433 908,7 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 433 908,7 мың теңге:

қарыздар түсімі – 432 125,5 мың теңге;

қарыздарды өтеу – 23 249 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 25 032,2 мың теңге.";

14-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"14. 2020 жылға арналған аудандық бюджетте республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер ескерілсін, соның ішінде:

1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті төлеуге;

2) мүгедектерді міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету нормаларын ұлғайтуға;

3) техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдар тізбесін кеңейтуге;

4) ақпараттық жұмысқа;

5) жалақыны ішінара субсидиялауға;

6) көшуге субсидиялар беруге;

7) жастар практикасына;

8) тұрғын үйді жалға алу (жалдау) және коммуналдық шығындарды өтеуге;

9) жұмыс берушілерге субсидияларға;

10) қоныс аударушыларға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған гранттарға;

11) халықты әлеуметтік қорғау мемлекеттік ұйымдарында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсететін жұмыскерлердің жалақысына қосымша ақылар белгілеуге;

12) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

13) мектепке дейінгі білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

14) орта білім беру мемлекеттік ұйымдары педагогтерінің еңбегіне ақы төлеуді ұлғайтуға;

15) орта білім беру мемлекеттік ұйымдарының педагогтеріне біліктілік санаты үшін қосымша ақы төлеуге;

16) мемлекеттік мәдениет ұйымдарының және мұрағат мекемелерінің басқарушы және негізгі персоналына мәдениет ұйымдарындағы және мұрағат мекемелеріндегі ерекше еңбек жағдайлары үшін лауазымдық айлықақысына қосымша ақылар белгілеуге ;

17) жұмыс күші артық өңірлерден қоныстанғандар үшін тұрғын үйді сатып алуға;

18) қоғамдық жұмыстарға;

19) әлеуметтік кепілдік жиынға;

20) "Көктерек-Госпа-Жасқайрат-Қайрат" КТУЛ-100 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын орташа жөндеуге;

21) "Қулықөл-Қаратал" КТУЛ-341 аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының шайып кеткен бөлігін орташа жөндеуге;

22) Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеуге.

Аталған республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы" Аудандық маслихат шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.";

16-тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

"16. 2020 жылға арналған аудан бюджетінде облыстық бюджеттен берілетін нысаналы трансферттер түсімдері ескерілсін, соның ішінде:

1) мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлерінің ұзақтығы күнтізбелік 42 күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға;

2) білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайындағы жұмысы үшін бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне қосымша ақыға;

3) мектеп педагог-психологтерінің айлықақыларының мөлшерін ұлғайтуға;

4) жаратылыстану-математикалық бағыттары пәндерін ағылшын тілінде оқыту үшін қосымша ақы төлеуге;

5) магистр дәрежесі бар мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

6) жас мұғалімдерге тәлімгерлігі үшін мұғалімдерге қосымша ақы төлеуге;

7) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін ұйымдардың қызметкерлеріне сынып жетекшілігі үшін қосымша ақы мөлшерін ұлғайтуға;

8) бастауыш, негізгі және жалпы орта білім беретін қызметкерлерге дәптерлер мен жазба жұмыстарын тексергені үшін қосымша ақының мөлшерін ұлғайтуға;

9) орта білім беретін ұйымдардың педагог қызметкерлерінің ұзақтығы 42 күнтізбелік күн жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысын 56 күнге дейін ұлғайтуға ;

10) білім беру объектілерін бейнебақылау жүйелерімен қамтамасыз етуге;

11) оқулықтарды сатып алуға және жеткізуге;

12) спорттық ұйымдарының қызметкерлерінің жалақысын ұлғайтуға;

13) аудан мектептеріне автокөлік сатып алуға;

14) аудан мектептерінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға (жиһаз, спорт жабдықтары);

15) Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 75-жылдығына арналған мерекелік іс-шараларды өткізуге;

16) алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеуге;

17) эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге;

18) Кішкенекөл ауылындағы "Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Аудандық мәдениет Үйі" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратының төбесін ағымдағы жөндеуге;

19) аудан ауылдарының тұрғын үйлеріне су өткізу үшін су айдауыш мұнара құрылысына жобалау сметалық құжаттама әзірлеуге;

20) жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарына жол белгілерін сатып алуға және орнатуға.

Аталған сомаларды бөлу Уәлиханов ауданы әкімдігінің "2020-2022 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы "Аудандық маслихат шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.";

көрсетілген шешімнің 1, 4, 6, 9-қосымшалары осы шешімнің 1, 2, 3, 4-қосымшаларына сәйкес жаңа редакцияда баяндалсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Уәлиханов аудандық
мәслихаты сессиясының
төрағасы

К. Егімбаева

Уәлиханов аудандық
мәслихатының хатшысы

Б.Кәдіров

Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 маусымы
№ 2-55 с шешіміне
1-қосымша
Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№2-48с шешіміне
1-қосымша

2020 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының бюджеті

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
Сыныбы	Кіші сыныбы		
1		2	3
		1) Кірістер	5637255,2
1		Салық тықтүсімдер	369930
03		Әлеуметтік салық	207180
	1	Әлеуметтік салық	207180
04		Меншікке салынатын салықтар	79000
	1	Мүлікке салынатын салықтар	72500

	5	Бірыңғай жер салығы	6500
05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	81750
	2	Акциздер	1600
	3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	77000
	4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	3150
08		Зандық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	2000
	1	Мемлекеттік баж	2000
2		Салықтық емес түсімдер	8476
01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	5876
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	5350
	7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	26
	9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	500
06		Басқа да салықтық емес түсімдер	2600
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2600
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	3000
01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1000
	1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	1000
03		Жерді және материалдық емес активтерді сату	2000
	1	Жерді сату	2000
4		Трансферттердің түсімдері	5255849,2
01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	0,4
	3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, аулдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	0,4
02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	5255848,8
	2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	5255848,8
Функционалдық топ			
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бағдарлама		
1		2	3
		2) Шығындар	5892558,4
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	284117
	112	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	18304
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	18304
	122	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	115251
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	109639
	003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5612

459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	1261
	003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	508
	010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	753
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	49639
	001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясаттын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	30472
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	19167
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	48774
	001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті, ауыл шаруашылығы мен ветеринарияны дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	48774
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғынүй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	50888
	001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	20888
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	30000
02		Қорғаныс	13759
122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	7581
	005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	7581
122		Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) әкімінің аппараты	6178
	006	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	2069
	007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	4109
03		Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	1509
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1509
	019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	1509
04		Білім беру	3442579
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	438244
	009	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының қызметін қамтамасыз ету	197124
	040	Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру тапсырысын іске Асыруға	241120
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2767576

	003	Жалпы білім беру	2736262
	006	Балаларға қосымша білім беру	31314
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) денешынықтыру және спорт бөлімі	83519
	017	Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру	83519
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	153240
	001	Жергілікті деңгейде білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іскеасыру жөніндегі қызметтер	16183
	005	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу	37890
	015	Жетімбаланы (жетімбалаларды) және ата-аналарының қамқорынсыз қалған баланы (балаларды) күтіп-ұстауға қамқоршыларға (корғаншыларға) ай сайынға ақшалай қаражат төлемі	5810
	023	Әдістемелік жұмыс	17338
	029	Балалар мен жасөспірімдердің психикалық денсаулығын зерттеу және халыққа психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялық көмек көрсету	15882
	067	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	60137
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	388507,9
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	58057
	005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	58057
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	14416
	030	Патронат тәрбиешілерге берілген баланы (балаларды) асырап бағу	14416
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	263573,9
	002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	168915,4
	007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	22854,5
	010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедек балаларды материалдық қамтамасыз ету	702
	014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	36627
	023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	34475
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	52461
	001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	35345
	011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1400
	050	Қазақстан Республикасында мүгедектердің құқықтарын қамтамасыз етуге және өмірсүру сапасын жақсарту	15716
07		Тұрғынүй-коммуналдық шаруашылық	749107,6

451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	58500
	070	Қазақстан Республикасында төтенше жағдай режимінде коммуналдық қызметтерге ақы төлеу бойынша халықтың төлемдерін өтеу	58500
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	11763,6
	024	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	11763,6
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	230271
	026	Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қалалардың және ауылдық елді мекендердің объектілерін жөндеу	230271
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	413692
	007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	60252
	098	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйлерін сатып алу	353440
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	23350
	016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	150
	058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	23200
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	11531
	031	Елді мекендердің санитариясын қамтамасыз ету	11531
08		Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	220212,4
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	46919
	009	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	46919
465		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) денешынықтыру және спорт бөлімі	25750
	001	Жергілікті деңгейде денешынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	11707
	006	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	6403
	007	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қаланың) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	7640
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	21804,4

	021	Спорт объектілерін дамыту	21804,4
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	60711
	005	Мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі қызметтер	7980
	007	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	52203
	008	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	528
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	65028
	001	Ақпаратты, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында жергілікті деңгейде мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	23876
	004	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	13938
	032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	7000
	113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	20214
10		Ауыл, су, орман, балықшаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	62133
475		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік, ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі	33022
	006	Ауру жануарларды санитарлық союды ұйымдастыру	650
	007	Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды және жоюды ұйымдастыру	905
	012	Ауылшаруашылығы жануарларын сәйкестендіру жөніндегі іс-шараларды өткізу	517
	013	Эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізу	7206
	047	Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын иелеріне өтеу	23744
463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	14549
	001	Аудан (облыстық маңызы бар қаланың) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	14549
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	14562
	099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	14562
12		Көлікжәне коммуникация	497760,3
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	495748,3
	023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	9964
	034	Көлік инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	483784,3
	045	Аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын және елді-мекендердің көшелерін күрделі және орташа жөндеу	2000

495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	2012
	039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	2012
13		Басқалар	11825
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	11825
	012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	11825
14		Борышқа қызмет көрсету	26
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	26
	021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	26
15		Трансферттер	221022,2
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	221022,2
	006	Нысаналы пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) трансферттерді қайтару	2047
	038	Субвенциялар	207702
	054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған) нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	11273,2
		3) Таза бюджеттіккредиттеу	178605,5
		Бюджеттік кредиттер	201854,5
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	146183,5
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	64701
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	64701
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	81482,5
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	81482,5
10		Ауыл, су, орман, балықшаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	55671
459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	55671

	018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	55671
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
	01	Бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
	1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	23249
		4) Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		5) Бюджет тапшылығы (профициті)	- 433908,7
		6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану):	433908,7
7		Қарыздар түсімі	432125,5
	01	Мемлекеттік ішкі қарыздар	432125,5
	2	Қарыз алу келісім-шарттары	432125,5
Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		
	Бағдарлама		
16		Қарыздарды өтеу	23249
	459	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланын) экономика және қаржы бөлімі	23249
	005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	23249
Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы		
	Кіші сыныбы		
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	25032,2
	01	Бюджет қаражаты қалдықтары	25032,2
	1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	25032,2

Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 маусымдағы
№ 2-55 с шешіміне
2-қосымша
Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№2-48с шешіміне
4-қосымша

2020 жылға арналған аудандық бюджетті атқарылуы процесінде секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалардың тізбесі

Функционалдык топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
1		2	3
04		Білім беру	2736262
464		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім бөлімі	2736262
	003	Жалпы білім беру	2736262

Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 маусымдағы
№ 2-55 с шешіміне
3-қосымша
Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2019 жылғы 25 желтоқсандағы
№2-48с шешіміне
6-қосымша

2020 жылға арналған арналған "Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарламасы бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек

Функционалдык топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
1		2	3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	22854,5
451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	22854,5
	007	Жергілікті өкілді органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек	22854,5

Уәлиханов аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 16 маусымдағы
№ 2-55 с шешіміне
4-қосымша
Уәлиханов аудандық
мәслихатының

2020 жылға Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде ауылдық округтердің бюджеттеріне шараларды қаржыландыру үшін кредит беру

Функционалдық топ		Атауы	Сомасы, мың теңге
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі	Бағдарлама		
1		2	3
06		Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	146183,5
478		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі	64701
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	64701
		оның ішінде:	
		Ақбұлақ ауылдық округі	19000
		Ақтүйесай ауылдық округі	22500
		Бидайық ауылдық округі	23201
495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	81482,5
	088	Жұмыспен қамту жол картасы шеңберінде шараларды қаржыландыру үшін аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджеттеріне кредит беру	81482,5
		оның ішінде:	
		Қаратерекауылдық округі	20888
		Көктерек ауылдық округі	25594,5
		Кішкенекөл ауылдық округі	35000